

3 Жүйелі жұмыс оң нәтижеге бастайды

4 Қаламгер атындағы байқау қорытындыланды



# Сыр бойы

28 қараша, бейсенбі 2024 жыл

№183 (20857) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



- www.facebook.com/syrboyi\_kz
- www.instagram.com/syrboyi\_kz
- t.me/syrboyi\_kz
- twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

## ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Кеше «Ақорда» резиденциясында Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Президенті Владимир Путинді салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет карауының бастығы мемлекет басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Қарсы алу рәсімінен соң президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Владимир Путинге алғыс айтты. «Бұл стратегиялық серіктестік пен одақтастыққа берік негізделген мемлекетаралық қарым-қатынасымыздағы өте маңызды оқиға екені сөзсіз. Сіздің қазақстандық ақпарат құралдарында жарияланған бүгінгі мақаланың маңызын мұқият оқып шықтым. Ал менің мақалам Ресей баспасөзінде жарияланды. Біз болашақта бағытталған екіжақты ынтымақтастықты дамыту жө-

ніндегі көшелі ойларымызды жан-жақты жеткіздік. Өз мақаламда Қазақстан осындай күрделі кезеңде Ресейдің сенімді стратегиялық серіктесі әрі одақтасы екенін және алдағы уақытта да бұл бағыттан айнымайтынын атап өттім, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Ресей екіжақты серіктестіктің оң қарқынын сақтап қана қоймай, оны еселей түскен.

– Сіздің бүгінгі сапарыңыздың күн тәртібі өте ауқымды. Сапар қарсаңында Үкімет мүшелері кездесіп, біз талқылайтын барлық мәселені пысықтады. Бүгін өте маңызды құжаттарды қабылдаймыз. Бұл 20 келісімнен тұратын құжаттар біздің тату көршілік және серіктестік рухындағы ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға тың серпін береді, – деді Мемлекет басшысы.

Ресей Президенті Владимир Путин қазақ жерінде көрсетілген ерекше сый-құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Сізге зор ризашылығымды білдіремін. Біз – достас елдерміз. Қарқынды дамып келе жатқан іскерлік қарым-қатынасты да қолдаймыз. Ұдайы байланыстамыз. Өзіңізді жыл соңында Санкт-Петербургте өтетін ТМД аясындағы бейресми кездесуде күтемін. Сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты шараға шақырамын. Бұл – біздің ортақ жеңісіміз, – деді Владимир Путин.

Ресей Президенті екіжақты байланыстардың қарқынын жоғары бағалап, мемлекеттік сапарының мәні мен маңызына тоқталды.

Келіссөз барысында мемлекет басшылары өнеркәсіп кооперациясы, энергетика, мұнай-газ өнеркәсібі, энергия ресурстарының тасымалы, машина жасау, көлік-логистика, қаржы, экология, су саясаты, білім беру, ғылым және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты дамыту перспективасын талқылады.

## ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Ресейде шығатын «Известия» газетіне жарияланған мақаласы

Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасы – берік әрі мызғымас достықтың шынайы көрінісі. Екі елдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы тығыз астып жатқан тарихи және мәдени байланыстарға, сондай-ақ, қос халықтың болашағына қатысты ортақ жауапкершілікке негізделген.

Бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-кәтерлерге қарамастан, біздің елдеріміз тату көршілік пен сан салалы ынтымақтастықтың үлгісін көрсетіп келеді. Бұл ынтымақтастыққа ортақ мүдде, өзара сыйластық, ең жоғары деңгейдегі сандарлы саяси диалог арқау болып отыр.

Ресей Президенті Владимир Путин Ресейдегі Ресей Президенті Владимир Путин екеуіміз үнемі хабарласып отырамыз. Бір-бірімізге деген құрметке негізделген біздің қарым-қатынасымыз емен-жарқындығымен және іскерлік сипатымен ерекшеленеді. Мұндай тығыз байланыс туындаған мәселелерді жедел шешуге және мемлекеттеріміздің арасындағы шынайы достық қатынасты нығайта түсуге мүмкіндік береді. Соңғы бір жылдың өзінде Ресей Президенті екеуіміз толыққанды форматта төрт келіссөз жүргіздік. Халықаралық ішаралар аясында бірнеше мәрте кездестік, телефонмен де жиі сөйлестік.

Қазақстан мен Ресейдің сауда-экономика саласындағы ықпалдастығы тұрақты түрде дамып келеді. Бұған екі елдің үкіметтері мен бизнес өкілдерінің күш-жігерін жұмылдырғанының арқасында қол жеткіздік.

Қазір Қазақстанда Ресейдің 23 мың компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр.

Оның 4 мыңы соңғы бір жылдың ішінде құрылды. Біздің ынтымақтастығымыздың қарқыны жоғары екені осыдан-ақ айқын көрінеді.

Екіжақты инвестиция көлемі де ұлғая түсті. 2023 жылы Ресей компаниялары Қазақстанға 3 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Қазақстан да Ресей экономикасына осындай мөлшерде қаржы құйды. Елдеріміз бизнес жүргізуге қолайлы орта қалыптастырып, инвесторларды қолдауға қажетті барлық жағдайды жасап отыр.

Қазақстан мен Ресей энергетика, өнеркәсіп, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы және басқа да көптеген салада бірлесіп, ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Осыған дейін жалпы құны 18 миллиард доллардан асатын 90-нан астам жоба іске қосылды. Қазір де болашағы зор 49 жоба жүзеге асырылып жатыр.

Осы маңызды жобалардың ішінде Қазақстанда 3 жылу-электр орталығының құрылысы басталғанын және Екібастұз ГРЭС-ін жаңғырту жұмыстарын атап өтуге болады. Бұл қатарда еліміздің бірқатар аймағын газбен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, өндіріс және шығыс бағытта тасымалданатын Ресей энергетика ресурстарының көлемін арттыруға қатысты ауқымды бастамалар да бар.

Астана мен Мәскеу Еуразия экономикалық одағы аясында табысты жұмыс істеп жатыр. Қазір бұл құрылым Еуразия кеңістігіндегі экономикалық ықпалдастықтың маңызды тетігіне айналды және халықаралық деңгейде абырой-беделге ие болды.

2-Бер

/// САПАР

## ҚҰРЫЛЫС: САПА МЕН МЕРЗІМ ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі және Жаңақорған аудандарына жұмыс сапарымен барып, әлеуметтік нысандарды аралады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен теміржол және транзиттік әлеуетті арттыру, IT саласының даму мәселелері талқыланған Үкімет отырысы өтті. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте аталған мәселелер бойынша міндеттер айқындалды. Қызылорда қаласы, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– Өткен жылы аудан әкімдеріне теміржол вокзалдарын жөндеу үшін жоба-сметалық құжаттамалар әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізу тапсырылған. Бүгінде 6 теміржол вокзалын жөндеудің құны 2 млрд 811 млн теңге болатын жобалар «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясына жолданды.

Алайда Жосалы теміржол вокзалының жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу әлі күнге дейін аяқталмаған. «Торетам», «Сексеуіл» вокзалының құжаттамасын дайындау басталмаған. Қармақшы, Арал аудандарының әкімдеріне осы жұмысты тез арада аяқтап, мемлекеттік сараптамадан өткізуді тапсырамын.

Вокзалдардың сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсету деңгейі де жоғары болуы, келушілерге жақсы әсер сыйлауы тиіс. Көрсетілетін қызметтердің сапасын күшейтіңдер. Қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп жан-жағының абаттандырылуын, көгалдандырылуын, санитарлық тазалығын күнделікті қамтамасыз етіңіздер.

Еліміздегі IT саласының дамуы Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты бақылауында. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі жалғастырып, мамандарды көптеп дайындауымыз қажет. Өңіріміздегі IT орталықтардың жұмысын зерделеп, оларды заманауи құрылғылармен қамтамасыз ету және материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша ұсыныс беріңіздер.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін облысымыз республикада бірінші болып аудандарда орталықтандырылған бейнекамералар, жылдамдық өлшегіш құралдар орнатылды. Жобаның тиімділігін арттыру үшін камераларды құқық-бұзушылықтар мен қылмыс жиі орын алатын жерлерге орнатып, тұрақты жұмыс жасауын қамтамасыз етіңіздер, – деді облыс әкімі.

Бүгінде облыс аумағынан өтетін магистральді теміржол желісінің ұзындығы мың шақырымды құрайды. Облыс аумағынан 14 жұп, Қызылорда қаласынан Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан қалаларына 5 жұп жолаушы пойызы қатынайды.

Өңірімізде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының қарасты 8 теміржол вокзалы мен 2 қызмет көрсету пункті бар, 6 вокзал ғимараты жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген. IT саласын дамыту шараларын ұйымдастыру және оларға жастарды көптеп тарту бойынша өткен жылдың қорытындысымен өңіріміз бірінші орынды иеленді. Былғы 10 айдың қорытындысы бойынша да көш бастап келеді.

/// МИРАС

## ТАЗЫ МЕН ТӨБЕТТІ ҚАЛАЙ КӨБЕЙТЕМІЗ?



Қазақылықтың қаймағы бузылмаған Сыр өңірінде кезінде тазы мен төбет өсіріп, саятшылық өнерді дәріптеген азаматтар аз болған жоқ. Өкініштісі, қазір олардың қатары кеміп кетті. Кезінде екі үйдің бірінде кездесетін тазы мен төбет бүгінде көзге ілуде бір ұшырасады. Олар неге кеміп кетті? Өңірде аталған ит тұқымдарын сақтау жолы қандай?

1939 жылғы есеп бойынша елімізде шамамен 7 000 тазы болған. Араға 26 жыл салып, яғни 1965 жылы оның саны артып, 10 мыңға жеткен. Өкінішке қарай, 1983 жылға дейін тазының 70%-ы жойылып, тек 3 мың қалған. 2014 жылы тұқым-тегі тазыға ұқсас ит саны 1 мың болды. Оның ішінде асылтұқымдысы 300-ді шамалайды.

Қазақстан Кинологтар одағының мәліметінше, Қазақстанда қазір 3000-3500 тазы бар. «Бірақ бұл – құжаты бар, тіркелген иттердің нақты саны. Ал ауыл-ауылда ешқандай паспорт алмаған қаншама тазы бар» дейді мамандар. Одақ төрағасы Бауыржан Серікқали қазір жер-жердегі тазы атаулы саналып жатқанын,

осы жұмыстың нәтижесінде асылтұқымды иттің саны 2-3 есе өсетінін айтқан еді.

Кейінгі жылдары тазы мен төбет тұқымын көбейту бағытында нәтижелі істер атқарылды. Жақында Халықаралық кинология федерацияның (FCI) Бас комитеті қазақ тазысын (Kazakh Tazy) ресми түрде ит тұқымы деп алдын ала тану жөнінде шешім қабылдады. Қазақстанға тазы тұқымының иесі деген мәртебе берілді. ҚР Президенті Іс басқармасының баспасөз қызметі бұл шешім қазақ тазы тұқымын халықаралық деңгейде толық тану, яғни мойындау алдындағы негізгі әрі соңғы кезең екенін атап өтті.

4-Бер

**БАСПАСӨЗ - 2025**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН**

**2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

«Сыр бойы» газетіне **6 айға жазылу бағасы:**

- жекелер үшін – **4000 теңге,**
- мекемелер үшін – **5000 теңге**



## ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Биыл Еуразия экономикалық одағын құру туралы шартқа 10 жыл толды. Қазақстан мен Ресей жаһандық бәсекеге қабілетін арттыру үшін әуел бастама жан-жақты ықпалдастық пен байланысты дәйекті түрде нығайтуға ұмтылды. Сол себепті, бірлестік құру туралы бастама көтеріп, осы ұйымның негізін қалады. Содан бері Еуразия экономикалық одағы оған мүше мемлекеттердің экономикалық саясатын интеграциялау және өзара сауда-саттықты дамыту үдерісі табысты жүзеге асып жатқан аса маңызды платформа ретінде өзінің тиімділігін көрсетті.

Ресей Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстанға мемлекеттік сапары қазақ-орыс қатынасының тарихындағы аса маңызды оқиға болмақ. Жоғары мемлекетаралық мәртебесі бар бұл сапар елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестіктің мән-маңызы айрықша екенін көрсетеді.

Астанада өтетін кездесуде Ресей Президентімен бірге сауда-экономика, көлік-логистика, отын-энергетика, ғылым және техника салаларындағы ынтымақтастыққа қатысты ауқымды мәселелерді талқылаймыз. Халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдар аясындағы өзара ықпалдастық барысын пысықтауды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ қазір, өкінішке қарай, қатты ушығып тұрған әлемдегі ахуалға қатысты пікір алмасамыз.

Біз, Қазақстан халқы, елдерімізді әлемдегі құрлық арқылы өтетін ең ұзын шекара қосып тұрғанын әрдайым есте ұстаймыз. Оны мәңгі достық пен нағыз тату көршіліктің шекарасы деп санаймыз. Екі жақтың шекара маңындағы аудандарында 32 миллионға жуық адам тұрады. Бұл да айрықша маңызды. Екі елдің аймақтары біздің мемлекетаралық қатынастарымызды нығайтуға елеулі үлес қосып отыр. Сондықтан мемлекет басшыларымыз Өңіраралық ынтымақтастықтың ХХ форумына бірге қатысуы осы сапар барысындағы маңызды шара болмақ.

Алдағы сапар инвестиция және сауда саласындағы ынтымақтастықты жандандыруға зор серпін беріп, қос халықтың игілігіне арналған бірлескен жобаларды бастауға септігін тигізеді деп сенемін.

Елдеріміз Ұлы Жеңістің 80 жылдығын лайықты атап өтуге дайындалып жатыр. Ортақ тарихқа деген құрмет әрдайым Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығына арқау болары сөзсіз.

XX ғасырда біздің халықтарымыз адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғысқа фашизмді жеңіп, ауыр сынақты бірге енсерді. Қазақстандықтар қан майданда жан аймай соғысты. Қазақстан армияны керек-жаракпен және азық-түлікпен қамтамасыз етіп, сенімді стратегиялық тыл болды. Эвакуация кезінде жүздеген мың отбасы қазақ жерінен пана тапты.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытпайды» деген сөз қазақстандықтар үшін жалаң ұран емес. Бұл ұғым майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің қайталанбас ерлігі ел жанында мәңгі сақталатынын білдіреді.

Екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыс та қарқынды дамып келеді. Көпшілік көңілін шығатын мәдениет күндері, фестивальдар мен көрмелер тұрақты өткізіліп тұрады.

Бытыр елімізде «орыс маусымы» деген атаумен ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Ал биыл Мәскеуде Астананың мәдениет күндері өтті. Ондағы ең негізгі оқиға ретінде «Абай» операсының Үлкен театрда қойылынын айтуға болады. Сондай-ақ Ресейдің басты мұражайлары – Третьяков галереясында және Эрмитажда Қазақстанның көрмесі ашылды.

Қазақстан командасы Ресейдің Қазан қаласында өткен «Болашақ ойындарына» қатысты. Ал Астанадағы Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Ресей спортшылары өнер көрсетті. Бұл – мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты жаңа форматта өрбіту маңызды екенінің белгісі. Біз осы игі дәстүрді жалғастырып, Ресей бастамасымен қолға алынған «Болашақ ойындарының» кезекті сайысын 2026 жылы Қазақстанда өткіземіз.

Білім саласындағы ынтымақтастықтың да мазмұны толыға түсті. Біз еліміздің онтүстік аймақтарында Ресей мектептерінің ашуды жоспарлап отырмыз. Сол сияқты бізбен іргелес жатқан Ресей қалаларында Қазақстан мектептері ашылады деп сенеміз.

Қазір Ресейдің оқу орындарында Қазақстаннан барған 60 мыңға жуық студент білім алып жүр. Астанада Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының филиалын, ал Омбыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өкпідігін ашу жоспарымызда бар. Елімізде 3500-ден астам мектеп Пушкин тілінде білім береді, телеарналар мен радиостанциялар хабар таратады, газеттер мен журналдар шығады. Барлық дерлік өңірде көрерменнің көзіайымы болып жүрген орыс драма театрлары бар.

Біздің ел Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аясында Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы бастама көтерді. Ұйым орыс тілін қолға алуды және оны насихаттау үшін ТМД елдері арасындағы байланысты дамыту мәселесімен айналысатын болады. Бұл қалам халықтарымыздың арасындағы достықты, тату көршілікті, этносаралық келісімді, өзара түсіністік пен сенімді нығайта түседі деп сенемін.

Қазақстан мен Ресей көп полярлы әлем, бейбіт диалог, барлық мемлекеттердің егемендігін құрметтеу сынды идеяларды дәрінтеп, халықаралық аренада өзара табысты қарым-қатынас жасап отыр.

Екі елдің жаһандық және аймақтық деңгейдегі көптеген мәселеге қатысты ұстанымы үндес. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес және басқа да интеграциялық бірлестіктер аясындағы тығыз ықпалдастық – соның айқын дәлелі.

Биыл шілде айында Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтті. Онда «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік» туралы декларация қабылданды. Бұл құжат ұйымның Еуразияда жана, біртұтас және бөлінбес қауіпсіздік архитектурасын құруға ықпал ете алатынын айғақтайды.

Қазан айында Мәскеу қаласында ТМД-ға мүше елдердің мемлекет басшылары кеңесі отырысының өткізілуі биылғы маңызды оқиғаның бірі болды. Басқосуда тараптар өзара тиімді әрі жан-жақты ықпалдастықты дамытуға мүдделі екенін атап көрсетті.

Биыл Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалық етіп отыр. Астанада өтетін алдағы саммит аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайта түсетін басты оқиға болмақ. Еліміз ұжымдық қауіпсіздікті бейбіт жолмен қамтамасыз ету және ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынасты сақтау жолында күш біріктіруді барынша қолдап отыр.

Сондай-ақ БРИКС ұйымының Қазан қаласындағы тарихи саммиті өте нәтижелі болғанын атап өткім келеді. Бұл форум Владимир Владимирович Путиннің ерік-жігері мен абыйрлы делінің және әлем жұрттыңын 45 пайызының мүддесін қорғайтын бірлестікке Ресейдің тиімді төрағалық етуінің арқасында өтті.

Сөз соңында, биыл екі жақты қарым-қатынасымыз үшін жемісті жыл болды деп сеніммен айтуға болады. Сонымен бірге, 2025 жылы көптеген бірлескен бастамалар мен ортақ жобаларды жүзеге асыруға мол мүмкіндік бар. Соның бірі екі ел азаматтарының игілігіне айналады деп сенемін.

Қазақстан мен Ресей тату көршілік пен одақтастық рухына негізделген риясыз достықты нығайтты және ең бастысы, өзара сенімді қарым-қатынас орнатты. Біз елдеріміздің басты мүддесіне сай келетін ең батыл идеяларды бірге жүзеге асыра аламыз деп ойлаймын. Ал Қазақстанға келер болсақ, біз тарихтың қактығына және апатқа толы күрделі кезеңінде Ресейдің сенімді стратегиялық серіктесі әрі одақтасы болып қала береміз.

1-бет

## ҚҰРЫЛЫС: САПА МЕН МЕРЗІМ ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ



Алдымен «Ауылда денсаулық сақтауы жаңғырту» ұлттық жобасы аясында «Алмалы» елді мекенінде бой көтерген дәрігерлік амбулаторияның құрылыс жұмыстарын көрді. Бас мердігер «Бак-Береке» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимараттың ішкі жүзетушілеріне, сылап-әрлеуге кіріскен. Амбулатория жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Мұнан бөлек, аймақ басшысы «Жансейіт» елді мекеніндегі №133

орта мектепке барып, «Руханият орталығының» құрылыс алаңындағы жұмыс барысын тексерді. Заманауи үлгідегі 100 орындық ғимараттың ішкі және сыртқы жұмыстары 100 пайыз орындалған. Құрылысы «СМП-Қызылорда» ЖШС қолға алған екі қабатты ғимараттың аумағы 2312 шаршы метр.

Биылғы «Руханият жылына» орай салынған «Руханият орталығының» құрылысы да қарқынды. Мұнда жер жұмыстары, іргетас, қабырға қалау, шатырын жабу, сыртқы-ішкі қабырғаларын сылау, әрлеу, есік-терезе орнату

1-бет



### /// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ИНВЕСТИЦИЯ: ЖОБАЛАРДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУГЕ ӘРКЕЗ ҚОЛДАУ БАР

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен инвестиция тарту, ауқымды жобаларды жүзеге асыру барысы талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, жауапты сала басшылары, бизнес қауымдастық өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, нақты міндеттер жүктеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес аймаққа инвестиция тартуда бірқатар жұмыс жүргізілуде. Инвестициялық ахуалды жақсарту үшін халықаралық, өңіраралық көлік жолдарын реконструкциялау және салу, заманауи жылу-электр станциясы сияқты ауқымды жобалар бар.

Жақында халықаралық стандарттарға толық сәйкес келетін жана әуешай терминалы жұмысын бастады. Өнеркәсібі және технологиясы дамыған елдермен ынтымақтастық орнатуымыз қажет. Ол үшін өңірді өркендетудің басым бағыттарын анықтадық. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығында күршіті терең өңдеу, су үнемдеу технологияларын

енгізу, бақша дақылдарын, балық өңдеу, түрлі кеспелер, сүт өнімдері, томат пастасын жасау. Құрылыс индустриясында қажетті материалдар мен тұсқағаздар, санитарлық-техникалық бұйымдар шығару. Жеңіл өнеркәсіпте мал терісін терең өңдеу, тоқыма бұйымдарын, арнайы киімдер тігу және тағы басқа өндіріс орындары, мұнай-газ саласына қондырғылар мен құбырлар жасау.

Өңірдегі 14 мұнай компаниясы биылғы 10 айда 12,5 млрд теңгеге өндіріске қажетті түрлі тауарлар сатып алған. Осы өндірістерді облыс аумағында орналастыруға барлық мүмкіндігіміз бар, – деді облыс әкімі.

Облыста жана инвестициялық жобаларды орналастыруға арналған, жалпы ауданы 300 гектардан асатын, дайын инфрақұрылымы бар 6 ин-



дустриялық аймақ жұмыс жасайды. Аймақ басшысы қолданыстағы заңнама аясында жер телімін беруге,

басқа да қолдау көрсетуге, жобаларды сүйемелдеуге әрқашан дайын екенін атап өтті.

## МАЙДАНГЕРДІ ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Кеше қала әкімі Нұржан Ахатов Ұлы Отан соғысының ардагері Өбдірахман Бәйтіковті 100 жасқа толған мерекесімен құттықтады.



Ғасыр ғұмырдың несіне сәлем бере барған қала әкімі Нұржан Ахатов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Серік Дүйсенбаев және қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шәккізат Төребаев жауынгердің өнегелі өмір жолы

кейінгі буынға үлгі екенін айтып, қазақи дәстүрмен иығына шапан жапты.

Қазыналы қарттарымыз қандай құрметке де лайық. Нұржан Сәбитұлы облыс әкімінің арнайы құттықтауын жеткізіп, 1 миллион теңгегі сертификаттың табысты. Қарт майдангер өз кезегінде сый-құрметке разылығын білдіріп, егемен елімізде бейбіт өмір, береке-бірлік болсын деген ниетпен ақ батасын берді.

Майдангердің қызы Гүлсара Бәйтікова әкесінің бойыншағы ерекше қасиеттерін тоқталып, оның еңбекпен есейгенін айтты. Бала күнгі жылы естеліктерін бөлесті.

Өбдірахман Бәйтіков 1924 жылы 27 қарашада Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1930-1934 жылдары Өзбекстанның «Кооператор» колхозында жетікшілік мектепте білім алды. 1942 жылы Қызылорда қаласындағы мұғалімдер техникумына түсіп, оқуы аяқталмастан әскер қатарына шақырылған.

Содан 1942 жылдың аяғында Түрікменстанның Ашхабад қаласында кіші командирлер дайындайтын курсқа жіберілді. Алайда соғыс жағдайы оқуын аяқтауға мұрша бермеді. Бар-жоғы 18 жастағы жігіт Курск, Орел қаласын

азат етуге қатысты. Курск доғасындағы қиян-кескі ұрыста жау әскер қатарында болып, оқ пен оттың арасында ерен ерлік көрсетті. 1943 жылдың тамыз айының соңында ауыр жарақат алып, 1944 жылы 20 жасында ІІ топ мүгедегі болып елге оралды.

Соғыстағы ерлігі үшін Совет Одағының маршалы Г.Жуковтың ІІ дәрежелі және бірнеше мерекелік медальмен марапатталған. Соғыстан кейін «Комсомол» совхозында отыз жылдай қой фермасында, колхоз кеңесінде есепші болып, зейнетке шықты.

Өбдірахман ақсақал марқұм жұбайы Кеңескүл Абуова екеуі 9 бала өсірді. Олардың жоғары білім алуына, бір-бір мандық несі атануына, өмірін өз жолдарын табуға үлкен еңбек сінірді. Бүгінде қарт майдангер ұл-қыздарының арқасында бақуатты ғұмыр кешіп келеді. Перзенттерінен 30 немере, 6 шөбере сүйіп, үлкен шаңырақтың бақ айналды қонар қасиетті тұғыры, берекесі мен ұстыны, ақылғытты мен тілеуқоры болып отыр.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

«СБ» ақпарат







/// БАЙҚАУ

# ҚАЛАМҒЕР АТЫНДАҒЫ БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Журналист, қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Қалқабай Әбенов атындағы «Туған жер – туғырым» атты дәстүрлі шығармашылық байқау қорытындыланды. Жүлдегерлерді марапаттау шарасы Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада өтті.



Облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Қуат Шарабидинов байқаудың биылғы ерекшелігі – «Сыр бойы» газетінің 95 жылдығымен сабақтастығы екенін атап өтті.

– Алаш қайраткерлерімен мұратас тұлғалардан тамыр алатын аймағымыздың ата басылымы – «Сыр бойы» газетінің тарихында ұзақ жыл редакторлық еткен қаламгер-қайраткер Қалқабай Әбеновтің есімі үлкен құрметке ие. Ол бүгінгі «Сыр бойы» кешегі «Ленин жолы» газетін 1968-1985 жылдар аралығында басқарды. Осы жылдары газетте мамандықтың қиындығын да, қызығын да көріп, соғыс жылдары, одан кейінгі ауыр кезеңдерде тер төккен, жазу өнерінің қыр-сырын әбден мең-

герген қаламы жүйрік журналистер еңбек етті, – деді ол.

Қ.Әбенов газеттің гасырға жуық тарихында ең ұзақ уақыт басшылық жасаған алаш ретінде есте қалды. Елдің дамуына қосқан үлесі үшін Кеңес одағының жоғары марапаттары – «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендерімен марапатталды. Қ.Шарабидинов Сыр баспасөзіндегі 1960-1980 жылдарды зерттеушілер кемелдену кезеңі, дәуірлеу жылдары деп бағалайтынын атап өтті. Сол жылдары газет тиражы 60 мың данаға жеткен.

Шығармашылық байқаудың мақсаты – дарынды қаламгер есімін жұрт жадында жаңғырту. Оны ұйымдастырушы әрі демеуші – қаламгерді ұлы Қанат Әбенов жетекшілік ететін «Сыр журналистикасы» қо-

ғамдық қоры, «Сыр бойы» газеті. Салтанатты жиында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов алдағы уақытта байқаудың ауқымы кеңейіп, мазмұны толығырақ түсетінін жеткізді.

– Қалқабай Әбеновтің қаламгерлік қыры, ұйымдастыру шеберлігі жайында әлі талай туынды жарық көретініне сенімдімін. Байқаудың ауқымын арттыру мақсатында қоғамдық-саяси маңызды шаралар тізіміне енгізіп, жоғары деңгейде өтуіне күш саламыз, – деді ол.

Тағылымды басқосуда қазақ журналистикасына еңбек сіңірген ардагерлер, Қ.Әбеновпен қанаттас қызметтес болған әріптестері қатысы, оның қазақ баспасөзін өркендету жолындағы еңбегі, адамгершілік қыры туралы естеліктер айтыл-

ды. Байқау бастапқы жылдары жас журналистер арасында ғана ұйымдастырылса, кейінгі екі-үш жылдан бері оған барлық буындағы қаламгерлер қатысуға мүмкіндік алды. Одан бөлек қамтылатын жанр ауқымы да кеңейді. Ұсынылған материалдар арасынан ынталандыру сыйлығына ие болғандарды қор мүшесі Қожахмет Нұрмаханұлы марапаттады. Олардың қатарында Егемберді Күнкожаев, Мұрат Насилов, Нұрсұлтан Мықтыбаев, Өнеу Өуезовтер бар. Ал III орын Кенжабы Ермбетов пен Дәуржан Елубаева берілді. II орын Қайырбек Мырзахметұлына табыс етілсе, I орынға Назерке Санязова лайық деп танылды. Марапат иелеріне Руслан Қаюпов арнайы сертификат, статуетка табыс етті.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ

# ТАЗЫ мен ТӨБЕТТІ қалай көбейтеміз?



Бұл – тұқымның стандартына, оның дамуы мен әлемдік аренада сақталуына біздің ел жауапты деген сөз. FCI Қазақстанға соңғы тұқым стандарттарын әзірлеуге және бекітуге 10 жыл уақыт берді. Бұл уақыт ішінде белсенді жұмыс істеуіміз керек. Енді бізден тұқымды расталған кем дегенде мың иттің популяциясын қалыптастыру талап етіледі. Бұл жеңіл шаруа емес. Талай ит жеке қолда. Сондықтан халыққа жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, иттерге арналған арнайы орындар салып, көрмелер мен жарыстарды жиі ұйымдастырып отыру керек.

Сондай-ақ былтыр елімізде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Заң жобасының нормаларын іске асыруға 1,4 млрд теңге жұмсалмақ. Осының нәтижесінде иттердің генетикалық сапасын ғылыми бағалау, селекциялық сараптама жасау, жинақтау арқылы қажетті ғылыми база құруға жол ашылды.

Өткен гасырдың тоқсаншы жылдарына дейін екі үйдің бірінде тазы мен төбет алдымыздан шығатын. Қашаннан саятшылыққа жаны құмар ағайын тазысын ертіп, жылқысын жаратып, аң аулауға аттанатын еді. Ал төбет негізінен мал шаруашылығымен айналысқан шаруа адамның жансерігі болды. Одан беріде жайылым төсі толған төрт түлік те азайды. Тазы мен төбетті де іздейтін жағдайға түсті. Тіпті олардың тұқымын сақтау мәселесі де таразыға тартылды. Тоқсаншы жылдардан бері екінің бірі шетелден шыққан тегі белгісіз ит тұқымын алып келуге әуес болды.

– Жалпы, шетелдік иттерді Қазақстанға кіргізу мәселесін ойлану қажет. Өйткені, одан қандай зиян болатынын аңғару қиын емес. Қазір көшеге шықсаң, олардың түр-түрін көруге болады. Тұқымын ажырата алмайтын жағдайға жеттік. Бұл тазы қанды тазы мен төбет тұқымын сақтап қалуға да кері әсерін тигізеді деген ойламын. Тегіміз бір түркімен халқы алабай тұқымын сақтап қалу ісін ертерек қолға алды. Өкініштісі, біз қаншама уақытты құр жібептің алдық. «Жақсылықтың ерте-кеші жоқ» дейді қазақ. Ендігі кезекте кеткен қателікті түзеуге күш салайық. Жаңа заң сол оқылықтың орнын толтыруға септігін тигізеді деген ойламын. Сондай-ақ біз шетелден келетін ит тұқымын ұдайы бақылау мақсатында карантиндік бекет ұйымдастыруымыз қажет. Шетелдің көбінде солай жасалған. Тіпті бірқатарында кейбір ит түрлеріне тыйым салынған. Мәселен, Швеция, Дания, Ұлыбритания, Франция, Германия, Нидерланд, Бельгия, Швейцария, Жаңа Зеландия мен Латвияда осындай талаптар қойылған. Ендігі кезекте қолға алынатын әрбір жұмыстың орындалуына тиянақты болуымыз қажет. Ешқандай оқылыққа жол беруге болмайды. Әсіресе, тазы мен төбет тұқымы мұқият зерттелсе деген ұсынысым бар. Оған ғалымдар тарапынан сараптама жасалғаны әртүрлі етпейді. Сонда ғана нақты нәтижеге қол жеткізе аламыз. Бұл нағыз шаруа емес екенін ұмытпайық. Қазақ халқының ерте кезден бергі

өмірінде орнын ойып алатын ұлттық құндылықтарды лайықты бағалай білейік, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, география ғылымдарының кандидаты Оразхан Айдаров.

Тазы қазақ даласына сақ заманында келген деген аңыз бар. Ол шамамен 2000-2500 жыл бұрынғы кезеңді қамтиды. Тасқа қашалған кейбір петроглифтерде тазыға ұқсас аңыз иттері бейнеленген. Ал тақыр жүнді тазылар осыдан бес-алты мың жыл бұрын перғауындар заманында өмір сүрген деген дерек айтылады. Қазақ жерінде құмай, қайыңқаптал, ауған, орыс, түрікмен деген түрлері ұшырасқан. Қазақы тазыны тау және дала тазысы деп бөлген.

Тазы мен төбетті қазақ халқының ұлттық бренді ретінде қалыптастыру – маңызды міндет. Рас, елдің ішінде ұлттық дәстүрге жанашырлық танытып жүрген азаматтар баршылық. Оның ішіндегі бұрын Шиели ауданында «Қар үстіндегі кансонар» деген атаумен саятшылық өнерге арналған ауқымды шара өткізілді. Игі істің басы-қасында жүрген белгілі айтқыс ақыны Кенжебай Жүсіповтің айтуынша, оған тазы мен төбетін ертіп келген тұрғындар саны аз болмаған.

– Былтыр тазы мен төбет тұқымын сақтауға бағытталған жаңа заң қабылданғанын естіп, қуанып қалдық. Биыл Халықаралық кинология федерациясы қазақ тазысын ресми түрде ит тұқымы деп тану туралы шешім шығарғанын естіп жатырмыз. Бұл ұлттық құндылықты кең ауқымда дәріптеуге жол ашды деген ойламын. Қайсыбір жылдары біздің Шиели ауданының өзінде қазақы тазы өсіруге ниет білдірген тұрғындардың саны өсті. Олардың қатарында өзім де болдым. Біздің ауылдың өзінде тазы өсіргендер саны 30-ға дейін жетті. Қазір мұндай азаматтардың саны төрт-бес-сегізден аспайды. Себебі, көбісі тазының бабын жасаудың сырын білмейді. Өте нәзік болғанын кейін оған арнайы қамқорлық жасауы керек. Сыр өңірінде бұған қатысты кеңес беретін орталықтар мүлдем жоқ. Ендігі кезекте осы оқылықтың орнын толтыруға көңіл бөлінеуі керек. Мемлекет тарапынан еліміздің барлық аймағында арнайы орталықтар жұмыс жасауға құба-құп. Қазір тазы мен төбеттің жайын білетін көнекез қариялар азайып кетті. Ұлттық құндылықты дәріптеуге ендігі кезекте мемлекеттік деңгейде көңіл бөліне деген ұсынысым бар, – деді Кенжебай Жүсіпов.

Айта кетерлігі, жаңа заңда тазы мен төбет тұқымын сақтау және өсімін молайту бағытында құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздер белгіленді. Осы мақсатта негізгі қандаттар қарастырылған. Оған жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар айқындалып, олардың құзыреті анықталды. Қазақ халқы итті жеті қазының бірі ретінде бағалайды. «Ит жақсысы – тазы» деген тілдегі сөз осындай рәуіште айтылса керек-ті. Сондай-ақ ескіден келе жатқан «Таудағы түлкіні табындағы тазы алар» деген тәмсіл бар. Сондықтан ұлттық құндылықты лайықты бағалай білуіміз тиіс.

Әділжан ҮМБЕТ,  
«Сыр бойы»

# КӘСІПКЕР АРУЛАРҒА ЖЕҢІЛДІКПЕН НЕСИЕ БЕРУДІ КӨЗДЕЙТІН «ҮМІТ» БАҒДАРЛАМАСЫ

«Үміт» бағдарламасы кәсіпкер аруларға экономиканың кейбір секторларынан басқа салаларда микро, шағын және орта бизнесті дамыту үшін кең мүмкіндіктер ұсынады.

Бұл бағдарламаға қатысушы болып Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес микро, шағын және орта кәсіпкерлік санатына жатқызылған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес компания құрмай-ақ, жеке кәсіпкерлік нысаны ретінде тіркеліп, кәсіпкерлікпен айналысатын әйелдер қатыса алады. Ал қатысушы заңды тұлға болса, келесідей талаптардың бірі орындалуы шарт:

- әйелдердің жарғылық капиталға қатысу үлесі кемінде 51% (елу бір) (ЖШС үшін) болуы;
- дауыс берерде акциялардың 51 (елу бір) және одан да көп пайызы әйелге (АҚ үшін) тиесілі ірі акционер;
- әйел заңды тіркелген компанияның кемінде бір жыл басшысы болуы керек.

Бағдарламаның негізгі шарттары:

- Максимал сомма – 100 млн теңгеге дейін
- Несие мерзімі: инвестицияға – 7 жылға дейін; айналым қаражатын толықтыруға – 3 жылға дейін
- Номинал сыйақы мөлшерлемесі – 16,5%-дан аспайды

Бағдарлама аясында Еуропа қайта құру



және даму банкімен әріптестік ретте тегін курс, тренинг оқып алуға мүмкіндік бар.

ЕҚДБ-мен бірлескен бағдарлама бизнесті басқару, компанияны дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашуға қажетті кәсіби машық, білім алуға мүмкіндік береді.

Бағдарлама туралы толығырақ ақпаратты [damu.kz](http://damu.kz) сайтынан алуға болады. Қосымша ақпарат алу үшін Қызылорда қаласы, И.Журба көшесі 12 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалына хабарласуға болады.

/// БРИФИНГ



# «ӘЛЕМ МҰҒАЛІМІ» АТАҒЫНА ҮМІТКЕР ҰСТАЗДАР

Астанада «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының финалистері анықталды. Үздіктер қатарында Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Гүлзат Шынтасова мен Жадыра Әжібаева бар. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте олар ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Байқауға еліміздің барлық аймағынан 2200-ден астам мұғалімнен өтініш түскен. Нәтижесінде 50 финалистің таңдалып, олардан ТОП-10 үздік педагог анықталды. Г.Шынтасова сол ондықтың қатарында. Сырбойлық ұстаз алғашқы болып марапат төрінен көрінді. Қаржылай жүзде мен «Әлем мұғалімі» байқауына жолдаманы оған Global Teacher Prize жаһандық сыйлығының 2023 жылғы жеңімпазы пакистандық Зеф ханым табыстаған.

– Шара әлемнің түкпір-түкпіріндегі мұғалімдер, ғалымдар мен сарапшылардың басын қосқан Nobel Fest & Teacher Summit білім беру форумы аясында

болды. Бұл – Varkey Foundation бекіткен Global Teacher Prize халықаралық байқауының қазақстандық кезеңі, – деді Гүлзат Бұрабайқызы.

Сонымен қатар аталған сыйысқа Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жадыра Әжібаева да қатысып, ТОП-50 қатарынан көрінді.

– Бұл байқауда мұғалімдер жоғары академиялық жетістіктерін, білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлестерін көрсетіп, азаматтық белсенділігі мен манзды әлеуметтік жобалары арқылы қоғамға пайдалы жұмыстарын бөлісті, – деді ол.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: [smjarnama@mail.ru](mailto:smjarnama@mail.ru)